



## Құрметті студент!

2018 жылы «Құқық - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B030300	«Құқық қорғау қызметі»	1. Мемлекет және құқық теориясы 2. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы 3. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы 4. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (ерекше бөлімі)

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
  - Мемлекет және құқық теориясы
  - Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы
  - Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы
  - Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (ерекше бөлімі)
- Тестілеу уақыты - 180 минут.  
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.
7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**
8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Мемлекет және құқық теориясы

1. Салалық заң ғылымдары:

- A) криминалистика
- B) азаматтық іс жүргізу құқығы
- C) мемлекет және құқық теориясы
- D) прокурорлық қадағалау
- E) сот медицинасы

2. Мемлекеттің алғашқы қауымдық құрамының биліктен айырмашылығы:

- A) білім жүйесінің болуы
- B) салалық жүйесінің болуы
- C) халықты әлеуметтік деңгейі бойынша біріктіру
- D) тарихи әділеттілікті жүзеге асыруы
- E) қоғамды басқаратын арнаулы аппараттың құрылуы
- F) мемлекеттің әнұранының болуы

3. Социалистік мемлекеттер:

- A) Вьетнам
- B) Солтүстік Корея
- C) Оман
- D) Малайзия
- E) Византия
- F) Куба
- G) Швабия
- H) Иордания

4. Мемлекеттің нысаны:

- A) құқықтық нысан
- B) жүйелеу нысаны
- C) салық жүйесі
- D) саяси мәдениет
- E) басқару нысаны
- F) құрылым нысаны
- G) саяси режим
- H) заңдық режим

5. Мемлекет түрлерінің барлығына ортақ функциялар:

- A) мәдени-тәрбие
- B) сыртқы
- C) ел қорғанысы
- D) биліктен құлатылған таптарды жаныштау
- E) ішкі

6. Заңшығарушы өкілді орган:

- A) Министрлік
- B) Комитеттер мен агенттіктер
- C) Мәжіліс
- D) Үкімет
- E) Парламент

7. Республика Конституциясының 1 бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін жариялаған:

- A) Зайырлы
- B) Дамушы
- C) Авторитарлы
- D) Дамыған
- E) Демократиялық

8. Құқық:

- A) Негізгі бастамалар, ережелер, идеялар
- B) Әлеуметтік нормалар жиынтығы
- C) Діни идеялар, діни ережелердің жиынтығы
- D) Қоғам мүшелері басшылыққа алуы тиіс өнегелік және ізгілік қағидалары
- E) Жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелері
- F) Мемлекет шығарған, орындалуы қамтамасыз етіліп отыратын тәртіп ережелердің жиынтығы
- G) Қоғамдық пікір күшімен қамтамасыз етілген мінез-құлық ережелері

9. Саяси жүйелердің негізгі функциялары:

- A) саяси құрылым
- B) қоғам дамуының мақсатын анықтау
- C) саяси процестерді реттеу
- D) саяси мәдениет
- E) саяси қызмет
- F) саяси сана

10. Құқықтың құлиеленушілік типінің сипаты:

- A) Құқық құлиеленушілер табының еркін айқын түрде білдіреді
- B) Құқық табиғи құқыққа негізделген
- C) Құқық қоғамның барлық мүшелерінің ортақ талаптарымен сипатталады
- D) Заң құқықтық теңсіздікті бекітеді
- E) Зандарда үстем таптың құқықтық идеологиясы бейнеленген

11. Техникалық нормалар бөлінеді:

- A) экологиялық
- B) агрономиялық
- C) әдет-ғұрыптық
- D) моральдық
- E) құқықтық
- F) діни

12. Заң:

- A) Қоғамның барлық мүшелерінің ерікті келісімі
- B) Мемлекеттік органдармен ресми түрде қабылданатын кез-келген құжат
- C) Тараптардың өзара келісімімен қамтамасыз ететін шарт
- D) Ерекше тәртіппен жоғарғы заң шығарушы органмен қабылданатын нормативтік құқықтық акт
- E) Парламентте қабылданатын, елдің түрлі салаларын реттейтін нормативтік құқықтық акт
- F) Қоғамдағы бірнеше қайталанатын тәртіп
- G) Адресат үшін орындалуы міндетті ауызша бұйрық

13. Құқық нормасының белгілері:

- A) Корпоративтік сипатқа ие
- B) Мемлекетпен танылған, жалпыға міндетті, формальды анықталған жүріс-тұрыс ережесі
- C) Мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілмейді
- D) Диспозицияланған
- E) Жалпыға міндетті болмайды
- F) Қоғамның ықпалымен қамтамасыз етіледі

14. Құқық шығармашылық қызмет сатылары:

- A) Нормативтік құқықтық актілердің орындалуын прокурордың қадағалауы
- B) Заңдардың жүзеге асырылуын есепке алу
- C) Акт жобасын қарастыру
- D) Нақты шешімнің орындалуын қадағалау
- E) Нормативтік құқықтық актіні жариялау

15. Материалдық құқық салалары:

- A) негізгі құқық
- B) қылмыстық іс жүргізу
- C) азаматтық іс жүргізу
- D) конституциялық құқық
- E) жеке құқық
- F) жариялық құқық

16. Құқықтық сана субъектілерінің түрлері:

- A) эмпирикалық құқықтық сана
- B) дағдылы құқықтық сана
- C) жеке құқықтық сана
- D) кәсіби құқықтық сана
- E) топтық құқықтық сана
- F) қоғамдық құқықтық сана
- G) жануарлардың құқықтық сана

17. Қоғамның құқықтық мәдениетінің құрылымының элементтері:

- A) нормативтік актілердің сандық дәрежесі
- B) құқықтық жекеленген шешімдердің орындалуы
- C) қоғамдық құқықтық санасының деңгейі
- D) қоғамда салт- дәстүрдің даму дәрежесі
- E) заң нормаларының даму дәрежесі
- F) қоғамда заңдардың жүзеге асуы
- G) қоғамда діни нормалардың даму дәрежесі

18. Құқықтық қатынастың объектісі:

- A) адам әрекеті
- B) ұжым
- C) жеке тұлға
- D) ұлт
- E) халық
- F) заңды тұлға

19. Құқық нормаларын іс жүзіне асыру:

- A) Құқық нормасын реттеу
- B) Құқық нормасын зерттеу
- C) Құқық нормасын шығару
- D) Құқық нормасын орындау
- E) Құқық нормасын пайдалану
- F) Құқық нормасын диспозициалау
- G) Құқық нормасын сақтау

20. Құқық нормаларын ресми талқылау:

- A) легалдық
- B) сөзбе-сөз
- C) логикалық
- D) казуалдық
- E) нормативтік

21. Құқықтық реттеу механизмінің элементтеріне кірмейді:

- A) құқықбұзушылық
- B) құқықтық норма
- C) санкция
- D) құқық қолдану актілері
- E) құқықтық қатынастар
- F) құқықтар мен міндеттерді іске асыру актілері
- G) құқықтық институт

22. Әлеуметтік белсенді жүріс-тұрыс элементтері:

- A) тұлғаның құқық саласындағы дербес белсенділігі
- B) ерікті ұйымдардың қызметіндегі белсенділік
- C) жеке тұлғалардың заңдарды түсінуі, пікірі
- D) құқықты жүзеге асыру салаларындағы белсенділік
- E) нормативті-құқықтық актілердің ішкі мазмұны
- F) әрекетке қабілетсіз тұлғалардың белсенділігі

23. Құқықбұзушылықтың объективтік жағының факультативтік белгілері мен шарттары:

- A) орны
- B) ниеті
- C) қасақаналығы
- D) кінәсі
- E) мақсаты
- F) уақыты
- G) әрекет жасау тәсілі

24. Құқықтық тәртіптің белгілері:

- A) құл иеленушілердің сақталған тәртіп дәстүрі
- B) мемлекет жағынан құқықтық әрекеттің кепілділігі
- C) мемлекет көлеміндегі құқықтық тәртіптің бірлігі
- D) ру ақсақалдарының бірлескен шешімдерінің бірлігі
- E) халықаралық ұйымдардың келісімсіз тәртіпті орнатуы
- F) жеке тұлғалардың тәртіпті орнату ісіне араласуы
- G) феодалдардың еркінің құқықта көрініс табуы

25. Жүйелік мәртебелер:

- A) әкімшілік
- B) кәсіпкерлер
- C) ақсақалдар
- D) азаматтық
- E) әскерилер
- F) қажылық

**Мемлекет және құқық теориясы  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



**Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы**

1. Конституциялық құқық келесі нормалардан тұрады:

- A) Өкілеттік (құқық) беруші нормалар
- B) Диспозитивтік нормалар
- C) Жалпы нормалар
- D) Императивтік нормалар
- E) Міндеттеуші нормалар
- F) Тыйым салушы нормалар

2. Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының қайнар көздері:

- A) Министрдің өкімі
- B) Әдеттегі заңдар
- C) Ректордың шешімі
- D) Жол жүру ережелері
- E) Қоғамдық бірлестіктердің нұсқаулықтары

3. Конституцияның мызғымастығының кепілі болып табылады:

- A) Парламент
- B) Конституциялық Кеңес
- C) Үкімет
- D) Ұлт Көшбасшысы
- E) Мемлекет Басшысы

4. ҚР меншіктің келесі түрлері танылады:

- A) қоғамдық меншік
- B) специалистік меншік
- C) жеке меншік
- D) мемлекеттік меншік
- E) мемлекеттік және жеке меншік

5. Халық билікті тікелей жүзеге асырады:

- A) референдум арқылы
- B) мемлекеттік органдарға өз билігін жүзеге асыруды беру арқылы
- C) отырыстар арқылы
- D) дөңгелек столдар арқылы
- E) дебаттар арқылы
- F) референдум және сайлау арқылы
- G) сайлауарқылы

6. Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтары:

- A) Бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге құқығы
- B) Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы
- C) Бірлесу бостандығына құқығы
- D) Денсаулығын сақтауға құқығы
- E) Жоғары білім алу құқығы
- F) Жеке меншікке иелік ету құқығы
- G) Сайлауға және сайлануға құқығы

7. Адам құқықтары мазмұны бойынша жіктеледі:

- A) мемлекеттік құқықтар
- B) негізгі және қосалқы құқықтар
- C) жекеазаматтық құқықтар
- D) бірінші, екінші және үшінші топтың құқықтары
- E) жалпы және жалқы құқықтар
- F) адам және азаматтарға қатысты құқықтар

8. Қазақстан Республикасындағы адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің конституциялық принциптері:

- A) Құқықтар мен бостандықтарды шектеу принципі
- B) Әлеуметтік жағдайға байланысты заң мен сот алдындағы басымдық принципі
- C) Құқықтар мен бостандықтардың әркімге тек мемлекетпен берілуі принципі
- D) Діни ұстанымға байланысты адам және азаматқа артықшылық жасау принципі
- E) Құқықтар мен бостандықтардың әркімге тумысынан жазылғандық принципі
- F) Құқықтар мен бостандықтардың абсолюттігі және олардан ешкімнің айыра алмау принципі
- G) Заң мен сот алдындағы теңдік принципі

9. Орталық сайлау комиссиясының мәртебесі және құзіреті болып табылады:

- A) Республиканың аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуын бақылайды
- B) Дауыс беруге арналған учаскелердің бірыңғай нөмірленуін белгілейді
- C) Азаматтарды сайлаушылар тізімімен таныстырады
- D) Әкімшілік-аумақтық бөліністер аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуына бақылауды жүзеге асырады
- E) Президент пен Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізуді ұйымдастырады
- F) Мәслихаттар депутаттарын сайлау жөнінде сайлау округтерін құрады және олардың тізімдерін жариялайды
- G) Сайлау округтерінде мәслихаттардың депутаттарын сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді

10. Мәжіліс депутаттығына үміткерге қойылатын талаптар:

- A) Депутаттық тәжірибесі болуы тиіс
- B) ҚР аумағында соңғы 10 жыл тұрақты тұруы керек
- C) Мәжіліс депутаты болып сайлану үшін жасы 25 – ке толу керек
- D) Мемлекеттік қызметте 7 жыл еңбек өтілі болу керек
- E) Депутат болып сайлану үшін 18 жасқа толуы қажет

11. Республикалық референдумның талқысына қойылатын мәселелер:

- A) Рақымшылық жасау мәселесі
- B) ҚР әкімшілік-аймақтық құрылысына байланысты қатынастар
- C) Сот әділдігі, қорғаныс мәселелері
- D) Мемлекет өмірінің маңызды мәселелерін шешу
- E) Конституциялық заңдарды қабылдау

12. Қазақстан Республикасы Президенті:

- A) Заң жобаларын қараудың басымдығын анықтайды
- B) Республика конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізеді
- C) Парламент қабылдаған заңды қайтадан талқылап дауысқа салу үшін кері қайтарады
- D) Мәслихаттардың кезекті және кезектен тыс сайлауларын тағайындайды
- E) Заңдардың конституцияға сәйкестігін тексереді
- F) Әкімдіктер құрылымын айқындайды
- G) Коммуналдық меншікті басқарады

13. Республика Президентіне тұрғын үй және көлік қызметін көрсетуді қамтамасыз етеді:

- A) Өзінің құзіретіне сәйкес Ұлттық қауіпсіздік комитеті
- B) Президенттің Іс Басқармасы
- C) Республика соттары
- D) Республиканың Қорғаныс министрлігі
- E) Өзінің құзіретіне сәйкес Республика Президентінің Күзет қызметі

14. Республика Президентінің өкілеттіктері тоқтатылады:

- A) Жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезден бастап
- B) Парламент Мәжілісінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде мәселе қаралып жатқан кезде
- C) Қайтыс болған жағдайда
- D) Республика Президентінің қызметін тоқтату туралы Жарлық шыққан сәттен бастап
- E) Мемлекетке опасыздық жасағаны туралы айып тағылған сәттен бастап
- F) Жаңадан сайланған Республика Президенті бойынша сайлау қорытындылары жарияланған сәттен бастап
- G) Президент қызметінен мерзімінен бұрын босатылған жағдайда;

15. Сенат депутаттарын құру өзгешелігі:

- A) Сенат депутаттарының жартысы әрбір 3 жыл сайын қайта сайланып отырады
- B) Сенат депутаттарының жартысы 4, жартысы 6 жылға сайланады
- C) Сенат депутаттары сайлаушылармен сайланады
- D) Сенаттың 15 депутатын Президент тағайындайды
- E) Сенат депутаттары 5 жылға сайланады
- F) Сенат депутаттары төте сайлау құқығы негізінде сайланады
- G) Сенат депутаттары тек кезекті сайлауда сайланады

16. 2007 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес:

- A) ҚР Конституциялық Кеңесінің құқықтық мәртебесі өзгерді
- B) ҚР басқару нысаны өзгертілді
- C) Саяси партиядан сайланатын депутаттар саны ұлғайтылды
- D) ҚР Парламентінің қоспалаталық құрылымы өзгерді
- E) ҚР Президенттік басқару нысанын парламенттік басқару нысанына өзгертті
- F) Адамның экономикалық құқықтарының жүзеге асыруына өзгерістер енгізді

17. Парламент депутаттарының өкілеттігі:

- A) Конституциялық қадағалауды жүзеге асыру
- B) Палатаның жұмыс органына сайлау және оған сайлану
- C) Сессияның күн тәртібі жөнінде ұсыныстар мен ескертпелер енгізу
- D) Заңда белгіленген тәртіппен депутаттық сұрау салу
- E) Соғыс мәселесін шешу
- F) Республика азаматтығын беру мәселесін шешу

18. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкілеттігі:

- A) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде Президентке және Парламентке баяндап отырады
- B) Республикалық референдум тағайындайды
- C) Үкімет қаулыларына қол қояды
- D) Парламентті таратады
- E) Үкімет қызметін ұйымдастырып, оған басшылық жасайды
- F) Саяси баспана береді

19. Республика Үкіметін құруға қатысты Президенттің өкілеттігі:

- A) Премьер-Министрінің актілерінің күшін жояды
- B) Премьер-Министрдің ұсынуымен Республика Үкіметінің құрылымын айқындайды
- C) Парламент Мәжілісімен консультациядан кейін Премьер-Министр енгізген ұсыныса бойынша Республика Үкіметінің мүшелерін қызметке тағайындайды
- D) Үкімет отырыстарында тұрақты түрде төрағалық етеді
- E) Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды, оны қызметтен босатады

20. Конституциялық Кеңестің конституциялық бақылау қызметінің мәні:

- A) Депутаттардың заң шығару қызметіне белсенді қатысуына ықпал жасау
- B) Сайлаулар өткізу кезінде конституциялық нормалардың мүлтіксіз ордалуын қамтамасыз ету
- C) Билік тармақтарының келісімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету
- D) Заңдардың Президент қалауына сәйкес келуін мүмкін ету
- E) Халықтың құқықтық санасының көтерілуіне әсер ету
- F) Президенттің заңдарға қарсылық білдірмеуін қамтамасыз ету

## 21. Конституциялық Кеңес:

- A) Өтініштер түскен күннен бастап бір ай ішінде өз шешімін шығарады
- B) Конституциялық Кеңестің шешіміне толығымен немесе бір бөлігіне Республика Президенті қарсылық білдіруі мүмкін
- C) Қабылдаған шешімдер оларға Төраға қол қойғанға дейін дауыс беруге қатысқан Конституциялық Кеңес мүшелерінің қолдарымен алдын ала расталады
- D) Өтініштер түскен күннен бастап он күн ішінде өз шешімін шығарады
- E) Республика Президентінің талабы бойынша шешім шығаруды он күнге дейін ұзартуы мүмкін
- F) Президент қарсылығы еңсерілмеген жағдайда Конституциялық Кеңестің шешімі

## 22. Қазақстанда судьяларды тағайындау тәртібі:

- A) Жергілікті соттардың судьяларын Жоғары Сот сайлайды
- B) Мамандандырылған соттардың судьяларын Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды
- C) Жоғарғы Сот судьяларын Республика Президенті тағайындайды
- D) Республиканың барлық судьяларын Парламент сайлайды
- E) Мамандандырылған соттардың судьяларын Жоғарғы Сот алқасы сайлайды
- F) Жергілікті соттардың судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша ҚР Президенті тағайындайды
- G) Қазақстанда барлық судьяларды Бас прокурордың ұсынуы бойынша Президент тағайындайды

## 23. Жергілікті соттарға жатады:

- A) аралық соттар
- B) конституциялық соттар
- C) облыстық және оларға теңестірілген соттар
- D) қалалық және ауданаралық соттар
- E) төрелік соттар
- F) муниципалды соттар

24. Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар:

- A) Сот алқасының сандық және дербес құрамын белгілейді
- B) Сот алқасының отырыстарында төрағалық етеді
- C) Жоғарғы сот органы ретінде Жоғарғы Сотты басқарады
- D) Қажет болған жағдайларда бір сот алқасының судьяларын басқа сот алқасының құрамында іс қарау үшін тартады
- E) Жоғарғы Соттың жалпы отырысында қарау үшін судьялардың тиісті құжаттарды дайындауын қамтамасыз етеді
- F) Соттардың қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды облыстық соттың жалпы отырыстарында қарау үшін оларды дайындауды қамтамасыз етеді

25. Мәслихаттың кезектен тыс сессиясы шақырылады:

- A) Кезектен тыс сессияны мәслихат сессиясының төрағасы шақырады
- B) Орталық сайлау комиссиясының төрағасы шақырады
- C) Республика Президенті шақырады
- D) Парламент Мәжілісінің ұсынысы бойынша
- E) Парламент Сенатының ұсынысы бойынша

**Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы**

1. Қылмыстық-іс жүргізу құқығының құрамдас бөлігі:

- A) Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары
- B) ҚР Әкімшілік заңнамасы
- C) Тергеу іс-әрекеттерінің хаттамалары
- D) ҚР Азаматтық заңнамасы
- E) Конституция

2. Күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету қағидатының мәні:

- A) Айыптау үкімі болжамдарға негізделе алмайды
- B) Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді
- C) Кінәлілігіне сейілмеген күмән күдіктінің пайдасына түсіндіріледі
- D) Күдіктінің және заңды өкілінің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуы күдіктіге тиесілі құқықтарды кемітпейді
- E) Күдікті, айыпталушы айғақтар беруге мәжбүр етілмеуге тиіс

3. Қылмыстық қудалау органдары:

- A) Прокурор
- B) Әділет органдары
- C) Сот
- D) Тергеуші
- E) Алқаби
- F) Күзетші
- G) Қорғау тарабы

4. Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдар:

- A) Мұрагерлері бар адамдар
- B) Ақталған адамдар
- C) Қорғаушысы талап арыз жазғандар
- D) Кінәсін мойындап келсе
- E) Айыптау актісімен танысқандар
- F) Шағым берген тұлғалар

5. Қылмыстық істі шешу барысындағы соттың мақсаты:

- A) Ақтау (реабилитация)
- B) Шындықты тану
- C) Қылмыстық істі тергеу
- D) Азаматтық талапты қолдау
- E) Айыптауды жоққа шығару
- F) Қылмыстардың алдын-алу



6. Қылмыстық қудалау органдарына жатады:

- A) Сот
- B) Сарапшы
- C) Сот приставы
- D) Тергеуші
- E) Жекеше айыптаушы
- F) Прокурор

7. Аудармашыға қарсылық білдіру туралы мәселені шешеді:

- A) Заңды өкіл
- B) Сот хатшысы
- C) Сарапшы
- D) Күзетші
- E) Тергеуші

8. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеу судьясының қаулыларына шағым жасауға құқылы:

- A) Маман
- B) Прокурор
- C) Жәбірленушінің өкілі
- D) Куә
- E) Алқаби
- F) Процестік прокурор

9. Қылмыстық іс жүргізу құқығының екінші деңгейлік міндеттері:

- A) Заңсыз айыпталған адамды ақтау
- B) Заңсыз айыптаудан қорғауды қамтамасыз ету
- C) Қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу
- D) Адамның құқытары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғау
- E) Қылмыстарды жою
- F) Қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту
- G) Қылмыстарды тез және толық ашу
- H) Заңды дұрыс қолдану әрі әділ сот жүргізу

10. Қорғалатын адам туралы мәліметке қолжетімділікті шектеу бұл:

- A) Жабық сот отырысының өткізілуі
- B) Негізгі іс жүргізуден адамның материалдарын бөлек сақтауы
- C) Прокурорға шағым жасалуы
- D) Қылмыстық істің материалдарынан адамның сауалнамалық деректері туралы мәліметтердің алынуы
- E) Айыпталушыға бұлтартпау шараларын қолдануы
- F) Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді басталуы

11. Қылмыстық процесте дәлелдемелер ретінде пайдалануына жол берілмейді:

- A) Заңды түрде алынса
- B) Жедел-ізвестіру жолымен алынса
- C) Белгісіз көзден не сот отырысында анықтала алмайтын көзден алынса
- D) Процестік әрекеттерді жүргізу тәртібін орындау арқылы алынса
- E) Алдау және өзге де заңсыз әрекеттерді қолдану арқылы алынса

12. Қандай айрықша жағдайларда күдіктіні күзетпен ұстау мүмкін:

- A) Оның бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталғандығы болса
- B) Оның бұрын ауырлығы орташа немесе ауыр қылмысы үшін сотталғандығы болса
- C) Тергеушінің өтініші бойынша
- D) Оның қылмыстық әрекетті жалғастырып жүргендігі туралы деректер болмаса
- E) Жәбірленушінің өтініші бойынша
- F) Оның жеке басы анықталмаса

13. Сот қандай жағдайларда азаматтық талап қоюды қараусыз қалдырады:

- A) Медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізілген
- B) Азаматтық жауапкердің бұл туралы өтінішхаты
- C) Татуласу келісімін бекітілген
- D) Азаматтық талапкердің бұл туралы өтінішхаты болған
- E) Жасаған іс-әрекетінің жай күйіне қарай қоғам үшін дәрежесі орта болған
- F) Жасаған іс-әрекетінің сипатына қарай қоғам үшін қауіп төндірмейтін
- G) Сотталушы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты ақталған

14. Кінәсін мойындап келу бұл:

- A) Күдікті деп танылған адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстап алынғанда
- B) Өзі жасаған немесе дайындап жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы жеке өзі хабарлауы
- C) Күдікті деп танылмаған адамның осы қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен ұстап алынбаған кезде
- D) Өзі жасаған немесе дайындап жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы өзге тұлғалар арқылы хабарлауы
- E) Жеке өзі және ерікті түрде өзге адамдардың жасаған қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлауы
- F) Күдікті деп танылған адамның ауызша хабарлауы
- G) Әлі күдікті деп танылмаған адамның жазбаша немесе ауызша хабарлауы

15. Прокуратура органы басшысының айрықша өкілеттіліктері:

- A) өз құзыреті шегінде оқиға орнын қарап тексеру
- B) тергеуші, анықтаушының заңсыз қаулыларының күшін жою
- C) істі қосымша тергеу үшін қайтару
- D) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан, органнан қылмыстық істі алып қою
- E) ынтымақтастық туралы процестік келісім жасау
- F) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды соттылығы бойынша беру
- G) тергеп-тексеру материалдарын іске қосу туралы нұсқаулар беру

16. Қудалау органы күдікті деп тану туралы қаулы шығарған адамға төмендегі әрекеттерді орындауға міндетті:

- A) Күдікті деп тану туралы қаулыны прокурорға жіберу
- B) Күдіктінің құқықтары түсіндірілгені туралы прокурорға хабарлау
- C) Күдіктінің құқықтарын түсіндіруге
- D) Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығару
- E) Күдікті деп тану туралы қаулыны тіркеу
- F) Күдіктінің құқықтары түсіндірілгені туралы қаулыда белгі жасауға
- G) Оған сол қаулының көшірмесін табыс етуге

17. Қашықтықтан жауап алу жүргізіледі:

- A) Жауап алу қиын болады деп пайымдауға негіз беретін себептер болғанда
- B) Адамның мүліктік жағдайына байланысты келуі мүмкін болмаса
- C) Адамдардың көрсетулерінде қайшылықтардың себептерін анықтау
- D) Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін сақталуын қамтамасыз ету
- E) Куә мен жәбірленуші айғақтар беруден бас тартқан кезде
- F) Күзетте ұсталуына байланысты
- G) Адамдардың айғақтарында елеулі қайшылықтар болған

18. Эксгумация жүргізу үшін негіздер қандай:

- A) Адам денесіндегі ерекше белгілерді куәландыру жүргізу талап етілгенде
- B) Бастапқы тексерудің жағдайы қолайсыз болғанда
- C) Сараптама жүргізу талап етілгенде
- D) Денсаулығына келтірілген зиянның белгілерін анықтау талап етілгенде
- E) Адамның мәйітін қосымша немесе қайталап қарап-тексеру талап етілгенде
- F) Тану үшін көрсету талап етілгенде

19. Судья іс бойынша қабылданған қаулыда көрсетілетін мән-жайлар:

- A) Айыпталушы ретінде жауапқа тартылатын адамының тегі
- B) Қабылданған шешімдердің негіздері мен мәні
- C) Құжаттар қай жерде және қандай жағдайда табылғаны
- D) Қаулының шығарылған уақыты мен жері
- E) Жарықтың түсуі қандай болғанда жүргізілгені
- F) Қаулы шығарған судьяның лауазымы мен тегі

20. Қандай уақытта сот талқылауында жәбірленушінің және куәнің айғақтарын жария етуге жол беріледі:

- A) Тараптардың өтініштері бойынша немесе сотталушының қорғаушысының талабы болған кезде
- B) Психикалық дерті басқа адамдарға қауіп төндірумен байланысты істер қаралған кезде
- C) Жәбірленуші немесе куә олардың сот талқылауына келу мүмкіндігін жоққа шығаратын себептер бойынша сот отырысына қатыспаған кезде
- D) Тергеу судьясы айғақтарды сақтауға қойған кезде
- E) Бұл айғақтар мен олардың сотта берген айғақтары арасында елеулі қайшылықтар болған кезде

21. Облыстық және оған теңестірілген соттың апелляциялық сатысы қарайды:

- A) Гарнизондардың әскери соттарының заңды күшіне енген үкімдері
- B) Гарнизондардың әскери соттарының заңды күшіне енген үкімдеріне апелляциялық наразылықтарды
- C) Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың заңды күшіне енген үкімдеріне апелляциялық шағымдарды
- D) Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың заңды күшіне енбеген үкімдері
- E) Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың заңды күшіне енбеген үкімдері
- F) Аудандық және оған теңестірілген соттардың заңды күшіне енбеген үкімдеріне апелляциялық шағымдарды

22. Қандай жағдайда бірінші сатыдағы соттың қаулысы заңды күшіне енеді және орындауға енгізіледі:

- A) Соттың қаулысы облыс прокуроры қарағаннан кейін
- B) Қайта қарау сатысында істі жоғарғы сот қарағаннан кейін
- C) Шағым жасау немесе наразылық білдіру мерзімі өткен соң
- D) Назылық келтірген жағдайда, істі жоғары тұрған сот қарағаннан кейін
- E) Жекеше шағымдар келтірілген жағдайда, істі жоғары тұрған сот қарағаннан кейін

23. Іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастаудың негіздері:

- A) Соттың заңды күшіне енген үкімінде белгіленген заңсыз қаулы шығаруға әкеп соққан өзге де құжаттардың аударманың дұрыс жасалуы
- B) Соттың заңды күшіне енген үкімінде белгіленген, судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған бұрыс әрекеттері
- C) Соттың заңды күшіне енген үкімінде белгіленген, заңсыз үкім шығаруға әкеп соққан сарапшының қорытындысының көрінеу жалғандығы
- D) Соттың заңды күшіне енген үкімінде белгіленген, судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған қылмыстық әрекеттері
- E) Соттың заңды күшіне енген үкімінде белгіленген заңсыз үкім шығаруға әкеп соққан заттай дәлелдемелердің хаттамаларының жалғандығы

24. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша анықталуға жататын мән-жайлар:

- A) Зияткерлік, ерік-жігерінің және психикалық даму дәрежесі, мінезі мен темпераментінің ерекшеліктері, қажеттіліктері мен мүдделері
- B) Заңды өкілдер – ата-аналар оған қарсы болса
- C) Кәмелетке толмаған адамның өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары
- D) Қорғаншылық органы өкілінің қатысуына жағдай жасау
- E) Іс материалдармен заңды өкілді және қорғаушыны таныстыруға жағдай жасау
- F) Кәмелетке толмаған адамның ата-анасының біреуі де, сондай-ақ екеуі де заңды өкіл болған болмағаны
- G) Кәмелетке толмаған күдікті, айыпталушы не оның заңды өкілдері адвокатпен келісім жасасқанын анықтау

25. Алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын негізгі сұрақтардың мазмұны:

- A) Іс-әрекетте кінәлілік дәрежесін төмендететін мән-жайлар дәлелденді ме
- B) Бұл іс-әрекетте себепті байланыс бар ма
- C) Бұл іс-әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме
- D) Бұл іс-әрекеттің жасалуына сотталушы кінәлі ме
- E) Бұл іс-әрекеттің сотталушының жасағаны дәлелденді ме
- F) Бұл іс-әрекеттің сотталушының жасамауына себептер болды ма
- G) Бұл іс-әрекетте кінәлілік дәрежесін арттыратын мән-жайлар дәлелденді ме
- H) Бұл әрекетте сотталушының субъективтік жағы дәлелденді ме

**Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (ерекше бөлімі)**

1. Адамды саудаға салудың объектісі:

- A) Адамның отбасы құқығы
- B) Адамның жеке басының қауіпсіздігі
- C) Адамның тұрғынжайын қорғау құқығы
- D) Адамның жыныстық бостандығы
- E) Адамның өмірі
- F) Адамның саяси құқығы
- G) Адамның тұратын жерін еркін таңдау құқығы

2. Адамды бас бостандығынан заңсыз айырудың объективтік жағы:

- A) Ата-анасының кәмелетке толмағанды қозғалу бостандығынан айыру
- B) Физикалық күштеу арқылы өзінің үйінде ұстау
- C) Физикалық күштеу арқылы бөтен үй-жайда ұстау
- D) Сөз бостандығынан айыру
- E) Соттың шешімімен бостандығынан айыру
- F) Бұлтартпау шарасын қолдану арқылы бостандығынан айыру
- G) Қозғалу бостандығынан айыру

3. Адам өміріне қарсы қылмыстар:

- A) Азаптаулар
- B) Абайсызда қазаға ұшырату
- C) Адам өлтіру
- D) Қауіпті жағдайда қалдыру
- E) Геноцид
- F) Адамның иммунитетін тапшылығы вирусын жұқтыру
- G) Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу

4. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қайсысының субъективтік жағы абайсыз кінәмен сипатталады:

- A) Кәмелетке толмағандарды саудаға салу (ҚР ҚК 135 бап)
- B) Қорқыту (ҚР ҚК 115 бап)
- C) Денсаулыққа абайсызда ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК 114 баб. 3 бөл.)
- D) Адамның органдары мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу (ҚР ҚК 116 бап)
- E) Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (ҚР ҚК 102 бап)

5. Субъектінің белгісі бойынша кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тартудың сараланған құрамы:

- A) Кәмелетке толған адам істеген
- B) Қазақстан Республикасының азаматы істеген
- C) Қылмыстық топ жасаған іс әрекет
- D) Ата-анасы жасаған іс әрекет
- E) Адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасаған іс әрекет

6. Адамның және азаматтың жеке құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар:

- A) Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу (ҚР ҚК 147-бабы)
- B) Журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 158-бабы)
- C) Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу (ҚР ҚК 156-бабы)
- D) Тұрғынжайға қол сұғылмаушылықты бұзу (ҚР ҚК 149-бабы)
- E) Жұмыскерлер өкілдерінің заңды қызметіне кедергі жасау (ҚР ҚК 154-бабы)
- F) Хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын заңсыз бұзу (ҚР ҚК 148-бабы)

7. «Жаппай қырып-жою қаруын өндіру, иемдену немесе өткізу» (ҚР ҚК-нің 162-бабы) қылмысының заты:

- A) тегіс ұңғылы атыс қаруы
- B) жарылғыш заттар
- C) жарылғыш құрылғылар
- D) ядролық қару
- E) атыс қаруы
- F) оқ-дәрілер

8. Диверсия заты:

- A) Президент резиденциясы
- B) Мемлекеттік мүлік
- C) Кәсіпорындар
- D) Пайдалы қазбалар
- E) Жеке меншік
- F) Жеке мүлік
- G) Халықтың тіршілігін қамтамасыз ету объектілері

9. Алаяқтықтағы алдау:

- A) Меншік иесінің жеке басы туралы жалған мәлімет тарату
- B) Мүлікті сенімге қиянат жасау жолымен алу
- C) Мүліктің жымжымқырушыға берілуінің заңға сәйкестігі туралы қате түсінік туындату
- D) Меншік иесіне шындыққа жанаспайтын көрінеу жалған мәліметтерді хабарлау
- E) Мүліктің заңдылығы жөнінде жалған мәлімет тарату
- F) Мүліктің басқа адамға берілуінің заңға сәйкестігі туралы қате түсінік туындату

10. Ашық жымқыру:

- A) Бөтен мүлікті талап ету
- B) Жас балалардың көзінше
- C) Мүлік күзетуінде тұрған адамдар бар кезде
- D) Бөгде адамдардың көзінше
- E) Жәбірленушінің көзінше

11. Ақпараттық жүйені пайдаланудағы алаяқтық жолдары:

- A) Ақпараттық жүйеде көрінеу жалған бағдарламаларды орналастыру
- B) Ақпараттық жүйеде көрінеу жалған мәліметтерді орналастыру
- C) Ақпараттық жүйеге құқыққа сыйымсыз қол жеткізу
- D) Ақпараттық технологияларды пайдаланушыны алдау
- E) Ақпараттық жүйедегі ақпаратты құқыққа сыйымсыз көшіру

12. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру жолдары:

- A) Мүліктің меншік иесіне мүліктік залал келтіру
- B) Қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстардың орналасқан жерін жасыру
- C) Бөтеннің мүлкін қылмыстық жолмен бүлдіру
- D) Қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен мүлікке құқықты беруді талап ету
- E) Мүліктің өзге де иеленушісіне мүліктік залал келтіру

13. Кредитті заңсыз алудың объективтік нысандары:

- A) Рұқсаттар заңнамасын бұзып мәліметтер беру
- B) Ұйымның шаруашылық жағдайы туралы көрінеу жалған мәліметтерді банкке ұсыну
- C) Күпия мәліметтерді банкке ұсыну
- D) Заңды тұлғалардың ақшасын қайта бөлу
- E) Кәсіпкердің шаруашылық жағдайы туралы көрінеу жалған мәліметтерді кредиторға ұсыну
- F) Қаржылық пирамиданы құру



14. Міндеттеріне адал қарамағаны үшін тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту шарттары:

- A) Өз қызметіне ұқыпсыз қарауынан ауыр зардаптар туындауы
- B) Өз міндеттерін орындамауы
- C) Өз міндеттерін орындамауынан ауыр зардаптар туындауы
- D) Өз қызметіне ұқыпсыз қарауынан жеңіл зардаптар туындауы
- E) Өз міндеттерін орындамауынан зардаптар туындауы

15. Қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылық:

- A) Тұрғын үй-жайларды қорлау
- B) Ортақ пайдалану орындарын ластау
- C) Қоғамдық тәртіпті ұзақ және қасарыса ұдайы бұзу
- D) Жеке тұлғаларға қорлап тиісу
- E) Ерекше арсыздығымен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасау

16. Банданы құрудың мақсаты:

- A) Жеке тұлғалардың үрейін туындату
- B) Ұйымның мүлкін алып қою үшін шабуыл жасау
- C) Басқыншылық соғысты насихаттау
- D) Мүліктік залал келтіру
- E) Заңсыз кәсіпкерлікпен айналысу
- F) Кісі өлтіру үшін шабуыл жасау

17. Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істегені үшін қылмыстық жауаптылықтан босату негіздері:

- A) Есірткі заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстардың жолын кесуге ықпал ету
- B) Есірткі заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды ашуға ықпал ету
- C) Есірткі заттарды заңсыз дайындауға ықпал ету
- D) Есірткі заттарды заңсыз жөнелту не өткізу ықпал ету
- E) Есірткі заттарды заңсыз тасымалдауға ықпал ету
- F) Есірткі заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыс істеген адамдарды әшкерелеуге ықпал ету

18. Порнографиялық сипаттағы материалдардың негізгі мазмұны:

- A) Сексуалдық қарым қатынастардың ерсілігін бейнелеу
- B) Жыныстық органдар жөнінде жазу
- C) Сексуалдық қарым қатынастардың тұрпайылығын бейнелеу
- D) Жыныстық органдар жөнінде түсіндіру
- E) Адамдардың ағзаларымен тіндерін алып қоюды бейнелеу
- F) Жас балаларды азғындық жолға түсіру

19. Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту шарттары:

- A) Кәсіптік міндеттерін орындамауынан абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтірсе
- B) Науқасқа көмек көрсетпеу
- C) Дәрігерлік құпияны жарияланған жағдайда
- D) Психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу
- E) Кәсіптік міндеттеріне адал қарамауынан абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтірсе

20. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау (ҚР ҚК 340-бабы) қылмысының объективтік жағы:

- A) Кесуге тыйым салынған ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу
- B) Үй маңындағы ағаштар мен бұталарды кесу
- C) Отын жару, оны отқа жағу
- D) Бау-бақша учаскелеріндегі ағаштар мен бұталарды кесу
- E) Жолдардың шетінде орналасқан ағаштарды кесу
- F) Саяжайдағы ағаштарды кесу

21. Жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалған адамды қылмыстық жауапкершіліктен босататын жағдай:

- A) Қорқудың салдары
- B) Зардап шегуші көмек көрсетуі
- C) Өзіне көмек қажет болғандығы
- D) Сасқалақтауы
- E) Өзі медициналық көмек алуы
- F) Қосымша көмек шақыру мақсаты
- G) Полиция органдарына болған оқиға туралы хабарлауы

22. Пара алуға мүлік сипатындағы пайда:

- A) Ақшаны пайдалану
- B) Жеңілдіктерді заңсыз пайдалану
- C) Жалақысын пайдалану
- D) Жеңілдетілген шартпен қарыздардың берілуін пайдалану
- E) Қаражатты пайдалану
- F) Ақысы төленуі тиіс қызметтерді ақысыз қабылдау
- G) Есірткіні пайдалану

23. Қандай жағдайда пара берген адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады:

- A) Пара бергені туралы басқа адамдарға хабарласа
- B) Пара бергені туралы туыскандарға хабарласа
- C) Пара бергені туралы құқық қорғау органына өз еркімен хабарласа
- D) Оған қатысты параны сұрап алу орын алған болса
- E) Параны өз еркімен берген болса
- F) Параны сыйға берген болса

24. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарындағы формальдік құрамдар:

- A) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметіне кедергі жасау
- B) Байланыс желілері мен құрылыстарын күзету қағидаларын бұзу
- C) Заңсыз қоғамдық бірлестіктер құру
- D) Мемлекеттік рәміздерді қорлау
- E) Прокурордың қызметіне кедергі жасау
- F) Митингілерді өткізу тәртібін бұзу
- G) Қоғамдық бірлестіктердің мемлекеттік органдардың қызметіне заңсыз араласуы

25. Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың арнайы субъектісі:

- A) Азаматтық іс бойынша іске қатысушы адам
- B) Есі дұрыс адам
- C) Депутат
- D) Кәмелетке толған адам
- E) Прокурор
- F) Жеке тұлға
- G) Президент

**Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы  
(ерекше бөлімі)  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**